

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Дайыр ауылдық округіне қарасты Күшікжал участкесінде "Жарас" шаруа қожалығының мүйізді ірі қара малдарына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Зайсан ауданы Дайыр ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 4 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Дайыр ауылдық округі әкімнің 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 қыркүйекте № 7564 болып тіркелді

## З ҚАИ - ның ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 20 тамыздағы № 557 ұсынысы негізінде Дайыр ауылдық округі әкімінің міндеттін атқарушы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мұйізді ірі-қара малдарының бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Зайсан ауданы Дағыр ауылдық округіне қарасты Күшікжал участкесінде "Жарас" шаруа қожалығына белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Зайсан ауданы Дайыр ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 4 "Дайыр ауылдық округіне қарасты Күшікжал участекінде "Жарас" шаруа қожалығының мүйізді ірі қара малдарына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2020 жылдың 23 маусымында № 7208 болып тіркелеген, 2020 жылдың 27 маусымдағы "Достық" газетінде жарияланған және 2020 жылдың 29 маусымында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. "Дайыр ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Зайсан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Зайсан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Дайыр ауылдық округі  
әкімінің міндетін аткаруышы*

*H. Исанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК